

6D011700 – «Қазақтілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Саметова Жанакүль Шынгисхановнаның «Қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі қазақ әдебиетінің жанрлық түрлерінің өркен жаюына, идеялық-эстетикалық тұрғыдан жетілуіндегі факторларды жаңаша көзқарастар тұрғысынан саралап шығу – қазіргі таңдағы әдебиеттанудың негізгі бағытынан туындап отырған келелі мәселе. Қазақ халқының мәдени-тарихи өмірінің бір тармағы болып табылатын әдебиеттің жекелеген жанрларының эволюциясын қоғамдық дамудың саяси-идеологиялық, рухани-эстетикалық құбылыстарымен тұтастай алып қарастырудың да маңызы жоғары. Қазіргі қоғамда болып жатқан түрлі құбылыстарды ұлттық әдебиеттің даму кезеңдерімен, жалпы поэтикасымен қабыстыра санамалау әдебиетіміздегі жалпы заңдылықтардың жүзеге асу сипатын айқындауға тың мүмкіндіктер ашады. Өйткені әдеби үдерістегі поэтикалық құралдар мен түрлердің ауысу, жетілу заңдылықтары өз кезеңінің рухани атмосферасының өзгеруімен тығыз байланысты.

Қазақ әдебиетінің бүгінгі уақыт талабына сай болып, тәуелсіздік кезеңінде тоталитарлық кеңестік жүйенің таптаурын қағидағтарынан арылып, жаңаша ойлауға дағдыланған оқырман сұранысына жауап бере алатын көркемдік құбылыс ретіндегі қызметін теориялық, әдістемелік тұрғыдан қарастыру – бүгінгі ғылымның өзекті мәселесі. Қазіргі қазақ прозасы ұлттық құндылықтарды көркемдік ойлау кеңістігінде суреттеу, баяндау, бейнелеу үдерісінде өзінің тақырып ауқымының кеңдігімен, авторлық шеберліктің артуымен, суреттеу тәсілдерінің алуандығымен, көркемдік шешім жасаудағы әрі тосын әрі жаңа амалдарымен ерекшеленеді. Оның қайсыбірі әдеби дамудың заңды үрдісі ретінде қалыптасып, ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшелігін көрсету белгісіне айнала алса, кейбірі әдеби үрдістегі жасанды құбылыс ретінде керексіз болып қалды. Сондықтан қазіргі қазақ прозасындағы көзге түсер ізденістер, сол арқылы жаңа арна тапқан ағым-бағыттарды әдебиеттанумен тығыз байланыстағы философия, педагогика, психология сияқты ғылымдар аясында да қарастыру міндеті тұр.

Осыған байланысты, ізденуші Ж.Саметованың қазіргі қазақ прозасындағы жаңа ізденістер мен ағымдардың қалыптасуындағы жазылған докторлық диссертациясы жаңа ғылыми тұрғыдан зерделеу, сараптау, талдау талаптарына толық сай келеді және де өзектілігі жағынан аталған зерттеу жұмысы жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы барлығын дәлелдейді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертант Саметова Жанакүль Шынгисхановнаның қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен ағымдар және оны оқыту сынды күрделі мәселені ХХІ ғасырдағы әдеби үдерістің ерекшелігіне орай зерделеген ғылыми жұмысы жан-жақты ойластырылып, ғылыми тұрғыда дұрыс жүйеленген. Автордың алға қойған мәселеге жауапкершілікпен қарап, жақсы теориялық дайындықпен келгендігі байқалады.

Ізденушінің бұл еңбегінде әлі күнге дейін ғылыми айналымға түсіп үлгермеген, ғылыми бағасын күтіп қалған көркем шығармалар да қамтылған. ХХІ ғасырда дүниеге келген бұл туындылардың аталған оқу құралында жүйеленіп шыққанының өзі көп жұмыстың атқарылғанының айғағы. Автор кейінгі кезеңде Қазақстанның әр түкпірінде жарық көрген прозалық туыныдыларды тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне сай жинақтай отырып нақты баға беруді мақсат қылып қояды. Жекелеген шығармаларға әдеби-теориялық талдаулар жасай отырып ол туындыларды оқытудың жолдарын көрсетеді. қазіргі көркем прозадағы модернистік ағымдар табиғаты әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының қазіргі жетістіктеріне сүйене отырып ашылған. Осы мәселені жан-жақты мысалдармен талдап көрсетіп, нақты байлам-тұжырымдар жасауы ізденушінің талапқа сай ғылыми нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік берген.

Ғылыми-зерттеу жұмысы қазіргі диссертациялық еңбекке қойылатын талаптарға сәйкес аяқталған жұмыс болып табылады. Сондықтан жалпы рәсімделу, ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік және де әдіснамалық тұрғыдан «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» негізгі баптарына толық сәйкес келеді. Осы тұрғыдан алғанда, аталған ғылыми-зерттеу жұмысы «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптардың үдесінен шығады деп айта аламыз.

3. Ізденуші диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және академиялық шынайылық дәрежесі.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиже, тұжырымдар мен қорытындылардың ғылыми тұрғыда негізделуі мен шынайылық дәрежесі талаптарға жауап береді. Атап айтқанда ізденуші төмендегідей нәтижелерге қол жеткізе алған:

- қазіргі қазақ прозасындағы әдеби ағымдардың қайнар көздері, тарихи негіздері ашылған;
- қазіргі қазақ прозасындағы модернистік ағымдар турасындағы теориялық көзқарастар жүйеленген;
- қазіргі қазақ прозасындағы сюрреализм мәселесі жан-жақты талданған;
- неомифологизм ағымы ХХІ ғасыр прозасының жетекші әдеби ағымы екені дәлелденген;
- қазіргі қазақ прозасындағы постмодернистік дискурс ерекшелігі сараланған;

- жоғары мектепте қазіргі қазақ прозасын оқытудың әдіснамалық және әдістемелік мәселелері талданған;

- прозалық туындыларды оқытудың психологиялық аспектілері мен педагогикалық негіздері туралы нақты тұжырымдар жасалған;

- қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен ағымдар және оны оқыту мәселелеріне қатысты жарияланған ғылыми зерттеулер мен сүбелі еңбектерге ғылыми теориялық-әдістемелік тұрғыдан баға берілген;

- қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен ағымдарға байланысты теориялық тұжырымдар, жаңашыл бағыттар сараланып, оларды жоғары білім беру жүйесіне ендірудің қағидалары мен талаптары ұлттық философия, психология, педагогика ғылымдарының тоғысында қарастырылған.

Ізденушінің қолы жеткен нәтижелері, зерттеу материалдары ішкі логикалық бірізділікпен түзілген. Болашақ филолог мамандарға әдебиет теориясын жаңа бағытта меңгерту жолдарын зерттеуге бағытталған диссертацияның нәтижелері мен қорытындысы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес орындалған. Оны біз жұмыстың басты сапалық көрсеткіші мен нәтижесін кіріспеде белгіленген мақсат-міндеттерден туындаған мәселелерді негізгі бөлімнің әр тарауында талдап-таразылауынан, өзіндік ой қорытындысын шығаруынан анық көреміз. Жұмыстың шынайылығына ізденушінің бүгінгі қазақ прозасының даму бағыты мен өзіндік табиғатын көркем мәтіннен мысалдар келтіре отырып кешенді талдауы және де белгілі әдебиеттанушы, сонымен қатар әдіскер ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып жасаған тұжырымдары арқылы көз жеткізуге болады.

Сөзімізді түйіндей келе айтарымыз, диссертация жұмысында келтірілген ой қорытындылар мен тұжырымдар ізденушінің зерттеу бағыты мен диссертация мазмұнына толығымен сәйкес келеді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Диссертант ғылыми жұмысында қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен ағымдар және оны оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін саралауды мақсат еткен. Ізденушінің зерттеу жұмысының **жаңалық дәрежесі:**

•*біріншіден*, бүгінгі прозадағы жаңа ізденістер мен ағымдардың өзіндік ерекшелігі мен сипатын анықтап, қаламгерлердің шығармашылық зертханасы мен таным эволюциясына талдау жасалынған;

•*екіншіден*, қазіргі қазақ прозасындағы модернистік эстетика ерекшеліктері талданып, кейінгі жылдар әдеби үдерістегі басты әдеби ағымдарға әдеби-теориялық тұрғыда талданған;

•*үшіншіден*, қазіргі қазақ прозасындағы әдеби ағымдарға қатысты ұғым-түсініктерге түсініктеме беріліп, аталған ұғымдарды жаңа технологиялар арқылы оқытудың моделі ұсынылған;

•*төртіншііден*, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде әдеби теориялық ұғымдарды оқытудың жаңаша жолдары қарастырылып, әдеби талдаудың үлгісі берілген;

•*бесіншііден*, алғаш рет жекелеген әдеби теориялық ұғымдар мен түсініктерді оқыту әдістемесі жасалып, «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар» атты арнайы курстың бағдарламасы дайындалып, ұсынылған.

5. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертацияда әрбір ғылыми нәтиже мен түйін, қорытынды өзара тығыз байланысты, әр бөлімі мен оның тараушалары жүйелі түзілген түйіндер арқылы бір-бірімен ұштасып, көркем шығармада алынған мысалдармен сарапталады. Үш тараудан тұратын ғылыми жұмыстың тараулары «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар типологиясы», «ЖОО қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдарды оқытудың әдіснамалық негіздері», «XXI ғасыр прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдарды оқытудың жаңа әдістемелік жүйесі» деп аталып, әр тарау бірнеше тараушаларға бөлінген.

Зерттеу жұмысының негізгі тарауларында қазіргі қазақ прозасындағы неомифологизм, сюрреализм секілді ағымдардың дамып, қалыптасуы, зерттелуі кеңінен қарастырылып, ЖОО прозалық шығармаларды оқытудың философиялық және педагогикалық негіздері, сол секілді психологиялық аспектілері сараланып, «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар» атты оқу курсының бағдарламасы жасалынып, оны оқытудың әдістемелік жүйесі эксперимент жүзінде дәйектелген.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары әдебиеттанудағы ағымдар типологиясын сараптауда, әдебиет теориясына катысты пәндерді оқытуда, сонымен қатар ЖОО-нан кейінгі білім беруді дамыту бағытында жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Диссертациядағы тақырыпты ашу барысында қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын «Әдебиет теориясы», «Қазіргі әдеби үдеріс» пәндерін оқыту барысында пайдалануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертациялық жұмыста айтылған ғылыми-теориялық тұжырымдар мен автордың ой-пікірлері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда (7), халықаралық сконус мәліметтер базасына тіркелген журналдарда (2), халықаралық дәрежедегі ғылыми конференциялар мен алыс-жақын шетелдік және отандық басылымдарда (4) жарияланған. Жариялынымдары жеткілікті және тақырып мазмұны жариялынымдарда толық ашылған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертацияның мазмұнында және жазылуына байланысты ізденушіге

төмендегі ескертпе-ұсыныстарды айтықмыз келеді:

1. Әдеби ағымдардың қазақ прозасындағы бастау көздерін, өрістеу жайын көрсету – диссертациялық жұмыста қойылған мақсаттардың бірі. Бұл мәселе еңбекте біршама қарастырылған. Алайда ізденуші ұлттық прозаның қалыптасу кезеңінде нақты қай ағымдардың айқын көрініп, көркем ойлауға тигізген ықпалынан гөрі ағым, бағыт сияқты әдебиеттанушылық сәпаттар төңірегіндегі әдеби-теориялық айтыс-тартыстарға, полемикаларға көбірек орын берген.

2. Диссертацияда модернизмнің тарата айтылғанын қолдаймыз. Дегенмен де қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі ағымдардың қазіргі қазақ прозасындағы орнын көрсете кеткені артық болмас еді.

3. Диссертация жұмысында стильдік, грамматикалық, пунктуациялық қателер кездеседі.

Алайда, бұл көрсетілген кемшіліктер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп ойлаймыз.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Ізденуші зерттеу жұмысында өзекті мәселені қозғап, алдына қойған мақсатын толық орындап шыққан. Саметова Жанакүль Шынгисхановнаның «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Қазіргі қазақ прозасындағы ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)» атты диссертациясының мазмұны ғылыми жаңалығына сай, дайындау көлемі, ғылыми әдістемелік маңызы оз мәнінде көрініс тапқан зерттеу жұмыс деп бағалаймыз. Сондықтан бұл диссертация мәтінін Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына толық сай келеді деп тауып, ізденуші Саметова Жанакүль Шынгисхановна «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Ресми сарапшы:

Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
профессоры, филология

Ғылымдарының докторы

РАСТАЙМЫН

Ғалым хатшы

А.К. Кип

20



Ж.Ж.Жарылғапов